

КЕАҚ М. Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы
8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау»
бағыты, 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша диссертациялық
кеңестің 2022жылдық
ЕСЕБІ

1.Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.

М. Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы 6D012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте 9 отырыс өтті, оның төртеуі ұйымдастыру мәселесі бойынша болды.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) - жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі:

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
1	Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлы	М. Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;	6D012000 - «Кәсіптік оқыту»	29.01. 2022 ж.	Беру №150 бұйрық 15.04.2022 ж.
2	Иманкулова Ляйля Болаткуловна	М. Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;	6D012000 - «Кәсіптік оқыту»	25.03. 2022ж	Беру, №282 бұйрық 28.06.2022 ж.
3	Тәңкіш Назира	М. Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;	6D012000 - «Кәсіптік оқыту»	28.04. 2022ж.	Пысықтау , №299 бұйрық 01-ден.-07.2022 Беру, № 11 бұйрық 12.10.2022 ж.
4	Аширова Жазира Уәлиханқызы	М. Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;	6D012000 - «Кәсіптік оқыту»	28.04. 2022ж.	Беру, №308 бұйрық 05.07.2022 ж.
5	Шагатаева Зауре Ерназаровна	М. Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;	6D012000 - «Кәсіптік оқыту»	25.03. 2022ж.	Пысықтау , №298 бұйрық 01-ден.-07.2022ж. Беру, № 82 бұйрық 23.11.2022 ж.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау.

1. **Докторант Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлының** «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында ғылыми зерттеу нәтижесін сынактан өткізу және ендіру зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде

халықаралық және республикалық ғылыми практикалық конференцияларда, Scopus компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарында, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда көрініс тапқан. Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 17 авторлық бірлестікте жазылған ғылыми жұмыс жарық көрді. Оның 3-уі ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында. 7 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында, 3 мақала шетелдік ғылыми журналында, 1 электронды оқулық, 1 әдістемелік нұсқау жарық көрген. Сонымен, зерттеу нәтижелері бойынша жарияланған ғылыми еңбектердің жалпы саны - 17 мақала жарияланған. Ғылыми тағылымдамадан өткен орны: Акдениз университеті, Турция, Анталия қаласы.

2. Докторант Иманкулова Ляйля Болаткуловнаның «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіндегі негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, халықаралық симпозиум еңбектері жинағында, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, SciVerse Scopus компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарында жарияланған. Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша барлығы авторлық бірлестікте жазылған 24 ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның 4-уі ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала SciVerse Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 12 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинақтарында, шетелдік ғылыми-тәжірибелік конференцияда - 3, 1 мақала шетелдік ғылыми журналда, 2-электронды оқу құралы (авторлық куәлігімен) және білім беру бағдарламасы жарыққа шықты. Ғылыми тағылымдамадан өткен орны: Акдениз университеті, Турция, Анталия қаласы.

3) Докторант Тәңкіш Назира Полатқызының «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбында диссертациялық жұмысының мазмұны 19 еңбекте жарияланды. Соның ішінде 4 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 9 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 1 алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда, 3 оқу-әдістемелік құралда жарияланды. Ғылыми тағылымдамадан өткен орны: Акдениз университеті, Турция, Анталия қаласы.

4) Докторант Аширова Жазира Уәлиханқызының «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» диссертациялық жұмысының мазмұны 19 еңбекте жарияланды. Соның ішінде 4 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 7

халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 2 алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда, 1 оқуқұралы мен электронды оқулығы «Құқықтық мәдениет Әліппесі» жарияланды. Ғылыми тағылымдамадан өткен орны: Ақдениз университеті, Турция, Анталия қаласы.

5) Докторант Шағатаева Зауре Ерназарқызының «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының жалпы технологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында диссертациялық жұмысының мазмұны 9 еңбекте жарияланды. Соның ішінде 3 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 4 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында жарияланды. Ғылыми тағылымдамадан өткен орны: А.И.Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті, Россия, Санкт-Петербург қаласы.

2) Диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысты орындалған. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдеде № 319-III ҚРЗ бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығына сәйкес Қазақстанда жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім берудің басымдығы білім, ғылым және өндірістің үштұғырлылығы болып табылады. Осыған орай, болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың қажеттілігін көрсетеді.

3) Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

- **докторант Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлының** «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерінің практикалық маңыздылығы: болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ЖОО-ның нақты педагогикалық үдерісінде практикалық іске асырылуымен, зерттелетін үдеріс ғылыми негізделген оқу әдістемелік еңбектермен қамтамасыз етілді. ЖОО-ның оқу үдерісіне «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» арнайы курсы ендірілуімен ерекшеленеді, сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы оқу орындарының кәсіптік оқыту педагогтарын даярлайтын факультеттері мен бөлімдерінде, педагог кадрлар біліктіліктерін арттыру жүйесінде пайдалануға болады.

- **докторант Иманкулова Ляйля Болаткуловнаның** «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыруға арналған «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеулер» пәнінің оқу-әдістемелік кешені мен «Кәсіби білім беру жүйесіндегі ғылыми зерттеу негіздері», «Студенттердің зерттеушілік функциясын арттыру» электронды оқу

құралдары ұсынылды; болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыру бойынша әдістемелік жүйесі жасалып, тәжірибеге енгізілді; зерттеу нәтижелері болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыру үлкен мәнге ие және ЖОО-да болашақ құзыретті маман даярлау теориясы мен тәжірибесіне белгілі бір үлес қосады.

-докторант Тәңкіш Назира Полатқызының «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбында диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығы: - болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесін; «Педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» атты элективті курсы; «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың негіздері мен жолдары» атты электронды оқу құралын; «Педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» атты әдістемелік нұсқауларды, нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлайтын оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

-докторант Аширова Жазира Уәлиханқызының «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығы онда қамтылған ережелер мен тұжырымдар колледж студенттерінің құқықтық мәдениетін тәрбиелеу деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Колледж оқытушылары үшін студенттердің құқықтық мәдениетін тәрбиелеуге арналған әдістемелік ұсынымдар жасалды, онда колледждің мәдени-тәрбиелеу ортасында студенттермен жұмыс жасау ерекшеліктерін жан-жақты көрсетілді. Автор жасаған «Құқықтық мәдениеттің әліппесі» арнайы курсы, әдістемелік ұсыныстар мен диагностикалық құралдар студенттердің құқықтық мәдениетке тәрбиелеуге бағытталған оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, студенттерді оқу іс-әрекетіне мақсатты тартуға ықпал етеді. Зерттеу материалдары білім беру бағдарламалары, оқу құралдарын дайындауға, басқа білім беру орталарында колледж студенттерінің құқықтық мәдениетін тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жүргізуге негіз бола алады.

- докторант Шағатаева Зауре Ерназарқызының «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының жалпы технологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы ғылыми нәтижелерінің маңыздылығы: кәсіптік оқытудағы болашақ педагогтардың жалпы технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі әзірленді, кәсіптік оқытудағы болашақ педагогтың жалпы технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері көрсетіледі. «Кәсіптік оқыту» мамандығы және білім беру шеңберінде «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының жалпы технологиялық құзыреттілігі» элективті курсының мазмұны болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының жалпы технологиялық құзыреттілігін дамыту кезеңдерін, бағыттарын, негізгі

терминдерін, теорияларын, рөлін зерделеуді көздейді. Бағдарлама мазмұнын игеру интерактивті, проблемалық, эвристикалық, материалдарды талдаудың арнайы әдістері және студенттердің жалпы технологиялық құзіреттілікті саналы түрде қабылдау қабілетін қалыптастыруды көздейтін шығармашылық сипаттағы практикалық сабақтар арқылы жүзеге асырылады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып) - теріс пікірлер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды- даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар:

8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша Республика көлемінде диссертациялық кеңестер жоқ, дегенмен бүгінгі күні диссертациялық жұмысы мен Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда мақаласы шыққан докторанттар диссертациясын қорғау үшін, диссертациялық кеңес жұмысын жалғастыруға немесе ашуға рұқсат берілсе.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) -5

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) -жоқ

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 2

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

ДК ашу туралы 2019 жыл «2» мамырдағы бұйрық № 432. ДК әрекет ету мерзімі 2022 жылдың 30 сәуіріне дейін.

6D012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығы
бойынша диссертациялық кеңестің
төрағасы

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



[Signature]
п.ғ.д. профессор Жолдасбекова С.А.

[Signature]
п.ғ.к., аға оқытушы Ахмет Л.С.

КЕАҚ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 6D012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңестің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөнінде қабылдаған шешімдері туралы жылдық есеп

№	Докторанттың Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Туған жылы	Докторантурада оқыған кезеңі	Докторант оқыған ЖОО	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері (Т.А.Ә. (болған жағдайда), дәрежесі, жұмыс орны)	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), дәрежесі, жұмыс орны)	Қорғау күні	Диссертациялық Кеңес және апелляциялық комиссия (болған жағдайда) қабылдаған шешім	Диплом №
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1.	Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлы	1979 ж.	2017-2020 жж.	М.Әуезов атындағы ОҚУ	Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері	Ю.Н.Камалов, п.ғ.к., профессор (М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ., Қазақстан) Айдын Зор, PhD докторы, (Ақдениз университеті, Анталия қ., Түркия Республикасы)	К.М.Беркимбаев-п.ғ.д., профессор (Қ.А.Яссауи атындағы Кентау институтының директоры) Э.Д.Баженова, PhD докторы (І.Жансүгіров атындағы Жетісүмемлекеттік университеті)	29.01.2022 ж.	15.04.2022 ж. №150 бұйрығы Философия докторы (PhD) дәрежесі берілді	№00017425846 22.04.2022 ж.
2.	Шағатаева Зауре Ерназарқызы	1976 ж.	2018-2021 жж.	М.Әуезов атындағы ОҚУ	Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының жалпы технологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми – әдістемелік негіздері	А.А.Жолдасбеков, п.ғ.д., профессор (М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ., Қазақстан) С.В.Кривых, п.ғ.д., профессор (А.И.Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті, Санкт-Петербург, Ресей)	Г.Ж.Менлибекова - п.ғ.д., профессор (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан) Б.Т.Ортаев - п.ғ.д., доцент (Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті)	25.03.2022 ж.	23.11.2022 ж. №82 бұйрығы Философия докторы (PhD) дәрежесі берілді	№00021335635 30.11.2022 ж.

3.	Иманкулова Ляйля Болаткуловна	1984 ж.	2017- 2020жж.	М.Әуезов атындағы ОҚУ	«Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми- педагогикалық негіздері»	С.А. Жолдасбекова , п.ғ.д., профессор (М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ., Қазақстан) Омер Заимоғлы, п.ғ.к., доцент, (Ақдениз универси- теті, Анталия қ., Түркия Республикасы)	Ш.Т.Таубаева -п.ғ.д., профессор, Әл Фараби атындағы Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан; М. Д.Есекешова -п.ғ.к., доцент, С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., Қазақстан.	25.03. 2022ж	28.06.2022 г № 282 бұйрығы Философия докторы (PhD) дәрежесі берілді	№ 00017425785 05.07.2022ж.
4.	Аширова Жазира Уалиханқызы	1981ж.	2017- 2020 жж.	М.Әуезов атындағы ОҚУ	«Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми- педагогикалық негіздері»	С.А. Жолдасбекова , п.ғ.д., профессор (М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ., Қазақстан) Омер Заимоғлы, п.ғ.к., доцент, (Ақдениз универси- теті, Анталия қ., Түркия Республикасы)	С.Н. Жиенбаева - п.ғ.д., профессор - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университет, Астана қ, Қазақстан. Ж.Н.Бисенбаева - PhD докторы, қауымдастырылған профессор, Құрлық әскерлерінің Әскери институты. Алматы қ, Қазақстан;	28.04. 2022ж.	05.07.2022 г № 308 бұйрығы Философия докторы (PhD) дәрежесі берілді	№ 00017425777 12.07.2022ж.
5.	Тәңкіш Нәзира Полатқызы	1981ж.	2017- 2020 жж.	М.Әуезов атындағы ОҚУ	Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми- педагогикалық негіздері»	Ю.Н.Камалов, п.ғ.к., профессор (М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ., Қазақстан) Омер Заимоғлы – п.ғ.к., доцент, (Ақдениз универси- теті, Анталия қ., Түркия Республикасы)	К.Т. Атемова - п.ғ.д., профессор, (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ, Қазақстан) А.К. Козыбай - п.ғ.д., профессор, (Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ, Қазақстан)	28.04. 2022ж.	12.10.2022 ж. №11 бұйрығы Философия докторы (PhD) дәрежесі берілді	№ 00017425781 17.10.2022